

Әкімшілік істер бойынша процестік заңнаманы қолданудың жекелеген мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2026 жылғы 9 сәуірдегі № 2 Нормативтік қаулысы

Әкімшілік істер бойынша процестік заңнама нормаларын біркелкі қолдануды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруге қаулы етеді.

1. Соттар әкімшілік істерді қарау кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясында (бұдан әрі - Конституция), Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарында, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде (бұдан әрі - ӘРПК), Конституция мен "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) бекітілген нормативтік құқықтық актілер сатысындағы орындарына қарай өзге де кодификацияланған және салалық заңнамалық актілерде жазылған қағидаттар мен құқықтық нормалардың басымдығын негізге алғаны жөн.

2. ӘРПК-нің 1-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, егер ӘРПК-де өзгеше тәртіп көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) ережелері қолданылады.

Егер ӘРПК-де АПК-нің нормаларына сілтеме норма болса, онда АПК-нің нормалары ӘРПК-де көрсетілген сілтеме нормада белгіленген нысана мен шектерге сәйкес қолданылады.

ӘРПК-де арнайы реттеу, оның ішінде сілтеме нормалары көзделмеген және АПК-де қарастырылмаған жағдайларда Заңның 13-бабына сәйкес заң және құқық ұқсастығы қолданылады.

3. ӘРПК-нің нормалары әкімшілік іс жүргізу шеңберінде арыз, шағым және әкімшілік талап қою сияқты жолданымдардың әртүрлі нысандарын көздейді. Сотқа жолданымның арнайы нысаны ретінде ӘРПК-нің 4-бабы бірінші бөлігінің 9) тармақшасына сәйкес әкімшілік талап қою - жария-құқықтық қатынастардан туындайтын, бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарды, бостандықтарды немесе заңды мүдделерді қорғау және қалпына келтіру мақсатында сотқа берілген талап болып табылады. Шағыммен, арызбен сотқа жүгіну талап қоюды қайтару үшін дербес негіз болып табылмайды, өйткені бұл кемшілік, әдетте, алдын ала тындау өткізілгенге дейін жойылуы мүмкін.

4. Әкімшілік талап қоюды бір сотта қарау сол тараптар арасындағы сол нысана туралы дау бойынша және сол негіздер бойынша талап қоюды басқа сотта қарауды

болдырмайды және ӘРПК-нің 138-бабы екінші бөлігінің 5) тармақшасына сәйкес кейін келіп түскен талап қоюды қайтару үшін негіз болып табылады.

5. ӘРПК-нің 117-бабында белгіленген әкімшілік сот ісін жүргізудің негізгі сатыларынан рет-ретімен өтуді, сондай-ақ ӘРПК-нің 137-бабының талаптарын ескере отырып, талап қоюды сотта тіркеу талап қою соттың іс жүргізуіне қабылданғанын және ол бойынша әкімшілік іс қозғалғанын білдіреді. Демек АПК-нің талап қоюды қабылдау, талап қоюды қабылдаудан бас тарту, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату, талап қоюды қараусыз қалдыру мәселелерін регламенттейтін нормалары әкімшілік сот ісін жүргізуде қолданылмайды.

Сайлауға немесе республикалық референдумға қатысатын азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау жөніндегі талап қоюын тіркеу және әкімшілік істі қарау "Республикалық референдум туралы" 1995 жылғы 2 қарашадағы № 2592 Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында, "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Қазақстан Республикасы Конституциялық заңында және ӘРПК-нің 25-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

6. Сот актісін шығару үшін сот кеткенге дейін пайдалана алатын әкімшілік талап қоюды кері қайтарып алу (толық немесе бір бөлігінде) талап қоюшының сөзсіз құқығы, ал талап қоюды тану (толық немесе бір бөлігінде) жауапкердің құқығы болып табылады. Талап қоюшы мен жауапкер осы құқықтарды сотқа жазбаша арыз беру арқылы жүзеге асырады.

ӘРПК-нің 142-бабының екінші бөлігіне сәйкес талап қоюшының талап қоюды алдын ала тыңдауда немесе сот отырысында толық көлемде кері қайтарып алу туралы арызы келіп түскен жағдайда, сот талап қоюды кері қайтарып алудың салдарын түсіндіреді. Өзге жағдайларда судья әкімшілік процеске қатысушыларды шақырмай мемлекеттік бажды қайтара отырып, талап қоюды қайтарады.

Алдын ала тыңдау немесе сот отырысы барысында талап қоюды кері қайтарып алу (толық немесе бір бөлігінде) туралы арыз келіп түскен кезде сот талап қоюды кері қайтарып алу (толық немесе бір бөлігінде) дауды реттеумен (толық немесе бір бөлігінде) және талап қоюшының жауапкерге талаптарының болмауымен байланысты-байланысты емес екенін анықтауға тиіс.

Егер талап қоюшы мен жауапкер даудың реттелгенін (толық немесе бір бөлігінде) растаса, онда бұл жөнінде соттың талап қоюды (толық немесе бір бөлігінде) қайтару туралы ұйғарымында көрсетілуі тиіс.

7. Процестік заңнама жауапкердің әкімшілік талап қоюды толық не бір бөлігінде тану мүмкіндігіне жол береді. Өкілдің бұл құқығы тиісінше куәландырылған сенімхатта көрсетілуі тиіс. Бұл мәселе бойынша соттың жеке ұйғарымы шығарылмайды.

Сот талап қоюды тануды, өзгертуді немесе оны кері қайтарып алуды (толық немесе бір бөлігінде), егер бұл заңға қайшы келсе не біреудің құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін бұзса, сондай-ақ бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша апелляциялық сатыдағы сот істі қараған жағдайларды қоспағанда, сот актісін апелляциялық және кассациялық қайта қарау барысында қабылдамайды.

8. Егер дау сотта татуластыру рәсімдерін жүргізу арқылы реттелген жағдайда, соттар татуласуға тек жауапкердің әкімшілік қалауы болған жағдайда ғана жол берілетінін ескеруге тиіс, бұл туралы сот ұйғарымында көрсетіледі.

9. Соттар ӘРПК-де әкімшілік талап қоюды қайтару үшін негіздердің толық қамтылғанын назарға алғаны жөн. Әкімшілік талап қоюдың мазмұнына қатысты ӘРПК талаптарын бұзу, егер жол берілген бұзушылықты алдын ала тыңдау өткізілгенге дейін жою мүмкін болмаған жағдайда ғана оны қайтару үшін негіз бола алады.

ӘРПК-нің 138-бабының екінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша талап қоюды қайтару істі талқылау аяқталғанға дейін процестің барлық сатыларында мүмкін болады.

10. Сот талқылауы басталғанға дейін судья дауды шешу үшін, оның ішінде мүмкіндігінше бір сот отырысы барысында шешуге қажетті барлық әрекетті, өкімді жүзеге асырады.

Судья келіп түскен іс бойынша соттың әрекеттері және алдын ала тыңдауды тағайындау туралы ұйғарым шығарады. Талап қою бойынша кемшіліктер болған кезде тараптарға сот талаптарын орындамаудың процестік салдарларын түсіндіре отырып, сот, әдетте, ұйғарым тапсырылған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын оларды жою мерзімін көрсетеді. Талап қоюшы кемшіліктерді сот белгілеген мерзімде жоймаған кезде ғана талап қоюды қайтаруға жол беріледі.

Мұндай ұйғарым, оның ішінде басқа соттардан соттылығы бойынша келіп түскен істер бойынша, сондай-ақ іс бойынша бұрын шығарылған сот актісі істі бірінші сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жібере отырып, күші жойылған кезде де шығарылады.

Ұйғарымның мазмұны әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттеріне және ӘРПК-нің 138-бабының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Келіп түскен іс бойынша соттың әрекеттері және алдын ала тыңдауды тағайындау туралы ұйғарым шағым жасауға және прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға жатпайды.

11. Әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын және оны одан әрі қарауға байланысты құқықтық негіздемелер бойынша судьяның алдын ала құқықтық пікірі келіп түскен іс бойынша соттың әрекеттері туралы ұйғарымда бекітілуі мүмкін.

Алдын ала құқықтық пікір - алдын ала тыңдауда ұсынылған дәлелдемелерді зерделеу нәтижелері бойынша қалыптасқан тараптардың құқықтық негіздемелері бойынша соттың пікірі, онда сот:

осы құқықтық қатынастарға қолданылатын материалдық заңды;

дауды шешуге қажетті дәлелдемелік базаны;
істердің осы санаты бойынша сот практикасын түсіндіреді.

Алдын ала құқықтық пікір апелляциялық және кассациялық сатылардағы сотта айтылуы мүмкін.

12. Істі сот талқылауына дайындау кезеңінде АПК-нің 167-бабына сәйкес істерді біріктіру және (немесе) ажырату мәселелері шешіледі.

Бірнеше талаптарды біріктіру немесе оларды ажырату шағым жасауға және прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға жатпайтын соттың жеке ұйғарымымен ресімделуге тиіс.

13. Соттар талап қою нысанасын дәлелдеу процесінде тараптардың, атап айтқанда талап қоюшының мүмкіндіктерінің теңсіздігін жоюды қамтамасыз ететін соттың белсенді рөлі қағидатын басшылыққа алуға міндетті.

Осы қағидатты іске асыра отырып (ӘРПК-нің 16бабы, 116бабының бірінші бөлігі, 130бабының бірінші бөлігі), істі сот талқылауына дайындау кезеңінде, сонымен қатар сот процесінде сот талап қоюшының тарапына талап қою мәтініндегі формальды қателер мен түсініксіз сөздерді жоюға; талап қою талаптарын нақты және түсінікті тұжырымдауға; талап қоюшы талап қоюды негіздейтін істің нақты мән-жайларын баяндауға; алдын ала тыңдау кезеңінде қаралуға және шешілуге жататын өтінішхаттарды беруге жәрдемдеседі.

ӘРПК-нің 16, 116, 130-баптарына сәйкес сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша уәкілетті органдардан және ақпараттық жүйелерден қажетті материалдар мен дәлелдемелерді талап етіп алдыру арқылы жинайды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

14. Дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтау, егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа талап қоюмен жүгінудің ажырамас шарты болып табылады.

Осыған байланысты талап қоюшының дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу жөніндегі әрекеттері туралы мәліметтер талап қоюда көрсетіледі, ал дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібінің сақталуын растайтын құжаттар оған қоса беріледі.

Заңда өзге тәртіп белгіленген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік талап қоюда жауапкерге сотқа дейін жүгіну тәртібінің сақталуы туралы мәліметтерді көрсетпеу және талап қоюға дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібінің сақталуын растайтын құжаттарды қоса тіркемеу, сондай-ақ талап қоюшы дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібінің сақталуы туралы анық емес мәліметтер мен құжаттарды ұсынған, бұл туралы сотқа алдын ала тыңдау немесе сот талқылауы барысында белгілі болған жағдайда, ӘРПК-нің 138-бабы екінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес, егер осы тәртіпті қолдану мүмкіндігі жойылмаса, талап қоюды қайтару үшін негіз болып табылады.

Егер істі алдын ала тыңдауда қарау кезінде талап қоюшы сотқа дейінгі реттеу тәртібімен берілген шағымға әкімшілік органның жауабын алса, онда сотқа дейінгі реттеу тәртібінің сақталмауына байланысты талап қоюды қайтаруға жол берілмейді.

15. Заңда жоғары тұрған органға алдын ала шағым жасамай сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайларды қоспағанда, егер талап қоюға дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібінің сақталғанын растайтын құжат қоса берілмесе, сот талап қоюшыдан сот талқылауы басталғанға дейін оның сақталуы туралы мәліметтерді талап етуге міндетті.

Осындай растайтын құжаттар талап қоюшының әкімшілік органға, лауазымды адамға сотқа дейінгі шағыммен жүгінгенін куәландыратын кез келген құжат, сондай-ақ әкімшілік органның, лауазымды адамның оны қабылдағаны туралы белгісі бар шағымның көшірмесі немесе әкімшілік органның вебпорталында не "eOtinish" ақпараттық сервисінде шағымның электрондық тіркелгені болуы мүмкін.

Егер әкімшілік органға, шағымды қарайтын лауазымды адамға шағыммен жүгіну үшін ӘРПК-нің 92-бабының бірінші бөлігінде көзделген мерзімдер өтпесе, сондай-ақ бұл туралы тиісті жоғары тұрған органның (лауазымды адамның) уәжді ұстанымында көрсетілсе, дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін қолдану мүмкіндігі жойылмаған болып есептеледі.

16. ӘРПК-нің 100-бабының бесінші бөлігіне сәйкес, егер шағымды қарайтын орган ӘРПК-де белгіленген мерзімдерде (жиырма жұмыс күні) шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдаса, онда осы мерзімдер өткен күннен бастап шағымды қарайтын орган шағымды қанағаттандырудан бас тартты деп есептеледі.

Мұндай жағдайда ӘРПК-нің 136-бабында көзделген талап қоюды беру үшін процестік мерзімді есептеу әкімшілік органның шағымды қарау үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен басталады.

17. Заңдарда дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібі туралы нормалардың болмауы адамды әкімшілік органға, дау айтылатын әкімшілік актіні шығарған, дау айтылатын әкімшілік әрекетті (әрекетсіздікті) жасаған лауазымды адамға, сондай-ақ жоғары тұрған әкімшілік органға, шағымдарды қарайтын лауазымды адамға ӘРПК-де белгілеген мерзімде шағым жасау құқығынан айырмайды.

Талап қоюшының дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу жөніндегі әрекеттерін растайтын анық мәліметтер мен құжаттар болған кезде сотқа талап қоюды беру мерзімдерін ӘРПК-нің 136-бабына сәйкес есептеген жөн.

Бұл ретте мерзім талап қоюшының жоғары тұрған органға бірінші жолданымына жауап алған күннен бастап есептеледі.

ӘРПК-нің 91-бабының бесінші бөлігінде, егер заңда жоғары тұрған органға алдын ала шағым жасамастан сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айтылатын әкімшілік орган, лауазымды адам сотқа жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамының уәжді ұстанымын ұсынатындығы белгіленген.

18. ӘРПК-нің 138-бабының бесінші бөлігіне сәйкес судья жауапкерді жазбаша пікірмен қатар, жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамның уәжді ұстанымын он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде әкімшілік іспен бірге (бар болса) беруге міндеттейді.

Жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамның уәжді ұстанымы, егер заңда дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібін сақтау қажеттілігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда ұсынылатындығына соттардың назары аударылсын.

Бұл ретте талап қоюшыға жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамның уәжді ұстанымымен алдын ала тыңдау кезеңінде, сонымен қатар сот талқылауы барысында танысу құқығы берілген.

Жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамның уәжді ұстанымын сот белгілеген мерзімде ұсынбау процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін негіз бола алады және әкімшілік істі мәні бойынша қарауға кедергі келтірмейді.

19. ӘРПК-нің 4-бабы бірінші бөлігі 9) тармақшасының негізінде сотқа әкімшілік талап қоюдың міндетті шарты талап қоюшының тікелей өзінің субъективтік жария құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзу немесе бұзудың шын мәніндегі қаупі болып табылады.

Соттар жария-құқықтық қатынастарда адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделері бұзылмаған, шектелмеген немесе олар сотта дау айтқан әкімшілік актілерде, әрекеттерде (әрекетсіздікте) өзгеше түрде кемітілмеген кезде олардың талап қоюды беруіне жол берілмейтінін негізге алуы керек, өйткені ӘРПК-нің 4-бабы бірінші бөлігінің 33) тармақшасына сәйкес талап қоюшы – өзінің бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінген адам не оның мүддесі үшін прокурор, Қазақстан Республикасының заңдарында осындай өкілеттік берілген өзге адам талап қоюды берген тұлға.

ӘРПК-нің 131-бабы екінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес талап қою құқығын іске асыру шарттарының бірі талап қоюда талап қоюшының субъективтік жария құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзу немесе бұзу қаупінің мәнін көрсету болып табылады.

Бұл ретте ӘРПК-нің 129 және 131-баптарына сәйкес құқықтардың, бостандықтар мен заңды мүдделердің бұзылуына байланысты мән-жайларды, сондай-ақ келтірілген залалдар мөлшерін дәлелдеу ауыртпалығы әкімшілік істі қарау және шешу нәтижелерінің теріс салдарын көтеретін талап қоюшыға жүктеледі.

20. Істің ведомстволық бағыныстылығын айқындау кезінде ӘРПК-нің 91-бабы 4-2-бөлігінің, 102-бабы екінші бөлігінің талаптарын негізге алу қажет, оларға сәйкес әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен соттардың соттылығына ӘРПК-де көзделген жария-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар жатады.

Жария-құқықтық қатынастар бір тарап (әкімшілік орган, лауазымды адам) екінші тарапқа қатысты заңнамада ұйғарылған билік өкілеттіктерін іске асыратын құқықтық

қатынастар субъектілері арасында туындайтынын және мұндай өкілеттіктер осы тараптың (әкімшілік рәсімге қатысушылар) құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне әсер ететінін не оған міндеттер жүктейтінін ескеру қажет.

Осыған байланысты әкімшілік органның, лауазымды адамның билік өкілеттіктерін негізге ала отырып, олардың әкімшілік актілері, әрекеттері (әрекетсіздігі) белгілі бір тұлғаның немесе жеке-дара айқындалған тұлғалар тобының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыра алады (әкімшілік акт – ӘРПК-нің 4-бабы бірінші бөлігінің 4) тармақшасы), сонымен қатар әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартуы, шектеуі, тоқтатуы, оған міндет жүктеуі немесе оның жағдайын өзгеше түрде нашарлатуы (ауыртпалық салатын әкімшілік акт - ӘРПК-нің 4-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасы) , не әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асыруы, оған жүктелген міндетті тоқтатуы, сондай-ақ оның жағдайын өзгеше түрде жақсартуы мүмкін (қолайлы әкімшілік акт - ӘРПК-нің 4-бабы бірінші бөлігінің 21) тармақшасы).

21. Әкімшілік акт өзінің құқықтық табиғаты бойынша: а) билік шарасы, яғни шешім , әрекет (әрекетсіздік) нысанындағы саналы түрде ерік білдіру болып табылады, ол арқылы әкімшілік органның, лауазымды адамның жария билік өкілеттігі іске асырылады; б) әкімшілік органнан, лауазымды адамнан бастау алады; в) реттеуші құқықтық ықпал етеді, яғни қандай да бір құқықтық қатынасты орнатуға, оның күшін жоюға немесе өзгертуге бағытталған шара болып табылады; г) жеке-дара айқындалған болып табылады, яғни нақты адресаты бар; д) жария құқық саласында қабылданады; е) сыртқы бағытталуға ие (адресат әкімшілік органның шегінен тыс тұлға болған кезде).

22. Ұғымы ӘРПК-нің 4-бабы бірінші бөлігінің 5) тармақшасында айқындалған әкімшілік әрекеттен (әрекетсіздіктен) әкімшілік актіні ажырату керек.

Бұл ретте әкімшілік әрекет (әрекетсіздік), әдетте, сот қорғауының дербес нысанасын құрмайды, ал оның заңдылығын әкімшілік органның, лауазымды адамның осы әрекеті (әрекетсіздігі) жасалған әкімшілік рәсім аяқталған қорытынды әкімшілік актіге дау айту кезінде сот бағалайды.

Соттар осы қағидадан жекелеген ерекшеліктердің бар екеніне назар аударуға тиіс. Әкімшілік әрекеттің өзі әкімшілік рәсім болып табылатын немесе жалпы (негізгі) әкімшілік рәсімді аяқтайтын, соның нәтижесінде заңнамада қорытынды әкімшілік актіні шығару көзделмеген, бірақ сонымен бірге бұл әкімшілік әрекет әкімшілік органның, лауазымды адамның билік өкілеттіктерінен не әкімшілік қалауынан басталатын, талап қоюшының құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына не бұзылу қаупіне әкеп соғатын және оның орындалуы мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз етілетін жағдайларда, мұндай әрекет дербес талап қою нысанасы болуы мүмкін.

23. Соттардың мемлекеттік және квазимемлекеттік құрылымдар немесе олардың лауазымды адамдары әкімшілік орган не шаруашылық жүргізуші субъект ретінде

қашан шешім қабылдайтынын немесе әрекет (әрекетсіздік) жасайтынын ажыратқаны жөн. Соңғы жағдайда осындай шешімдерден, әрекеттерден (әрекетсіздіктен) туындайтын даулар әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен (мысалы, мемлекеттік мекеменің құқықтық қатынастардың өзге субъектісімен шарттық құқықтық қатынастардан туындайтын шешімдері мен әрекеттері (әрекетсіздігі)) қарауға жатпайды.

24. Сот келіп түскен әкімшілік іс бойынша ӘРПК-нің 102-106-баптарының талаптарын ескере отырып, істің соттылығын айқындауға міндетті.

Республикалық маңызы бар қалалар және астана, облыс орталықтары шегіндегі мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың соттылығына жататын істерді қоспағанда, талап қоюшының арызы бойынша мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттың соттылығына жатқызылған істерді талап қоюшының тұрғылықты жеріндегі сот қарауы мүмкін.

25. Соттар ӘРПК-нің 106-бабының үшінші бөлігінде белгіленген соттылықты айқындау мақсатында мынадай шарттар жиынтығының болуын негізге алуға тиіс:

- 1) әкімшілік актідегі ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылуға тиіс;
- 2) электрондық әкімшілік актінің қағаз жеткізгіштегі ресми нұсқасы болмауға тиіс;
- 3) әкімшілік акт электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) куәландырылуға тиіс;
- 4) электрондық әкімшілік акт электрондық құжаттармен алмасу жүйесі арқылы әкімшілік рәсімге қатысушының назарына жеткізілуге тиіс.

26. АПК-нің 27-бабының және Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі - ҚР КК) 296-бабы 1-тармағының талаптарын негізге ала отырып, соттар инвесторлардың қатысуымен істердің мынадай санаттарын ажырата білуге тиіс:

- а) инвестициялық қызметке байланысты инвестициялық және өзге де даулар;
- б) инвестициялық қызметпен байланысты емес даулар.

Инвестордың қатысуымен даудың соттылығы туралы мәселені шешу кезінде соттар ӘРПК-нің 16-тарауын басшылыққа алып, талап қоюшының мәртебесі мен даудың нысанасын дұрыс айқындауы тиіс.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңымен ратификацияланған Мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғалары арасындағы инвестициялық дауларды реттеу туралы конвенцияға (Вашингтон, 1965 жылғы 18 наурыз) сәйкес "инвестициялық дау" - бұл шетелдік инвестордың инвестицияларға қатысты барлық мәселелер бойынша мемлекет атынан оның уәкілетті органдарымен дауы.

Жеке немесе заңды тұлға инвестор деп танылады, бұл ретте салынған инвестициялардың мөлшері даудың соттылығын айқындау үшін маңызды емес.

27. Соттар инвестордың әкімшілік талап қоюына:

инвестор мен уәкілетті мемлекеттік органның арасында жасалған инвестициялық келісімшарттың көшірмелері (келісімшарттың атауы маңызды емес: концессиялық

шарт, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, жер қойнауын пайдалануға, құрылысқа және инвестициялық жобаны іске асыруға арналған келісімшарт, инвестициялық келісімшарт);

инвестордың инвестициялық қызметін растайтын құжаттар (жұмыс бағдарламалары және келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есептер, инвестициялық бағдарламалар және басқалар, қаржы-шаруашылық қызмет туралы есеп, салынған инвестицияларды көрсете отырып аудиторлық есеп) қоса берілетінін назарға алғаны жөн.

Әкімшілік талап қоюда талап қоюшы дау санатын және істің соттылығын егжей-тегжейлі негіздей отырып, инвестордың мәртебесін растау мақсатында ел экономикасына салынған инвестицияларды көрсетіп, инвестицияларды жүзеге асыруға арналған келісімшарттың талаптарын көрсетуге тиіс.

Судья осы мәліметтер мен құжаттардың болмауын әкімшілік істі алдын ала тыңдауға дайындау кезеңінде талап қоюшыға талап қоюдың жоюға болатын кемшіліктерін көрсету және оларды түзету үшін мерзім белгілеу арқылы толықтырады.

Егер талап қоюды инвестор берген, бірақ дау жария-құқықтық болып табылмаған жағдайда, арыз әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпайтын ретінде қайтарылуға жатады.

"Кәсіпкерлік қызмет" (ҚР КК-нің 2-бабында жазылған) және "инвестициялық қызмет" (ҚР КК-нің 274-бабында жазылған) ұғымдары бірдей емес екендігіне соттардың назары аударылсын.

Заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның, шетелдік қатысу үлесі бар заңды тұлғаның) Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы оның инвестициялық қызметін куәландырмайды.

28. Астананың мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты, АПК-нің 27-бабының 1-2-бөлігінде көрсетілген істерден басқа, әкімшілік органдардың, лауазымды адамдардың әкімшілік актілеріне, әкімшілік әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау жөніндегі инвесторлардың талап қоюларын қарайды.

Бұл ретте жоғарыда аталған соттың соттылығына жария-құқықтық сипаты бар инвестициялық қызметпен байланысты:

1) қызметтің әртүрлі салаларында: өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында, кеден саласында, табиғи монополия және бәсекелестікті қорғау саласында, экология, ауыл шаруашылығы саласында, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында, лицензиялау саласында, шетелдік жұмыс күшін тарту мәселелері бойынша және т.б. инвестордың құқықтарын бұзатын әкімшілік органдардың және олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы;

2) инвестордың инвестициялық шартта, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген салықтық, кедендік, әлеуметтік, экологиялық және өзге де міндеттемелерге дау айтуы туралы;

3) мемлекеттік органның мемлекеттік заттай грант беруден, заттай грант беру міндетін жүктеуден бас тарту жөніндегі шешімдерін, әрекеттерін заңсыз деп тану туралы инвестициялық және өзге де даулар жатқызылуы мүмкін.

Инвестордың қатысуымен инвестицияларға байланысты емес және оның инвестициялық қызметіне әсер етпейтін жария-құқықтық даулар өзге мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың соттылығына жатады.

29. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының соттылығына шарттық құқықтық қатынастардан туындайтын инвестициялық қызметке байланысты инвестициялық және өзге де даулар, мысалы:

- 1) инвестициялық шартты жасасуға, өзгертуге не ұзартуға мәжбүрлеу туралы;
- 2) инвестициялық шартты мерзімінен бұрын бұзуға не оның қолданылуын тоқтатуға дау айту туралы;
- 3) инвестициялық шартты жарамсыз деп тану туралы;
- 4) инвестициялық шарттың қолданылуы аяқталғаннан кейін келісімшарттық аумақты қайтаруға мәжбүрлеу туралы;
- 5) инвесторға мемлекеттік заттай грант ретінде берілген мүлікті қайтаруға мәжбүрлеу не инвестициялық шарттың қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде мемлекеттік органның оның құнын өндіріп алуы туралы;
- 6) инвестициялық шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың инвесторға талап қоюлары бойынша өзге де даулар жатады.

Астананың мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты (МАӘС) және мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты (МАЭС) шешкен инвестициялық қызметке байланысты инвестициялық және өзге де даулар ӘРПК мен АПК-нің қағидалары бойынша Астана қаласы сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасында және әкімшілік істер жөніндегі кассациялық сотта қайта қаралуға жатады.

30. Әкімшілік іс сот отырысында талқылауға тағайындалғанға дейін сот талап қоюшыға оның ӘРПК-нің 107-бабының бірінші бөлігінде көзделген, ӘРПК-нің 102-бабының үшінші бөлігі, 103-бабы, 105-бабының бірінші бөлігі, 106-бабының екінші және үшінші бөліктері тәртібімен қарауға жататын істерді, сондай-ақ жаңадан қарауға жіберілген әкімшілік істерді қоспағанда, эксаумақтық соттылықты таңдау құқығын түсіндіреді.

Соттың эксаумақтық соттылық тәртібімен талап қоюды беру үшін сотты таңдау талап қоюшының айрықша құқығы болып табылатындығына және жауапкердің, сондай-ақ сот процесіне өзге де қатысушылардың келісімін талап етпейтіндігіне соттардың назарын аудару қажет.

Істі "Төрелік" автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесіндегі (бұдан әрі - "Төрелік" ААТЖ) істерді автоматтандырылған бөлу жүйесі (ІАБ) айқындаған сотқа беру шағым жасалатын мерзім өткеннен кейін, ал шағым берілген жағдайда – соттың

шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы ұйғарымы шығарылғаннан кейін жүргізіледі.

Екі тарап сот айқындаған соттылықпен келіскен жағдайда, олардың жазбаша өтінішхаты бойынша әкімшілік істі бір соттан екіншісіне беру ұйғарым шығарылғаннан кейін дереу жүргізіледі.

Кейіннен әкімшілік істі эксаумақтық соттылығы бойынша жолдаған сотқа соттылығы бойынша кері жолдауға жол берілмейді. Мұндай жағдайда соттылығы туралы дау ӘРПК-нің 109-бабы тәртібімен шешілуге тиіс.

Әкімшілік істі эксаумақтық соттылығы бойынша беру мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар арасында жүргізіледі.

Талап қоюшы талап қоюды беру кезінде эксаумақтық соттылықты бір рет таңдай алады.

Талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша сотқа жүгінуі оның істің соттылығын таңдау құқығын іске асырғанын куәландырады, бұл эксаумақтық соттылықты қолдануды болдырмайды.

31. Сот сот талқылауы басталғанға дейін сот ісін жүргізу тілін анықтауға міндетті.

Әкімшілік процесегі сот ісін жүргізу тілі мәселелері АПК нормаларымен реттеледі.

Сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Істі сот талқылауына дайындау аяқталғаннан кейін құжаттар мен өзге де материалдарды сот ісін жүргізу тілінде ұсынбаған процеске қатысушылар олардың аудармасын дербес қамтамасыз етеді.

АПК-нің 475-бабы екінші бөлігінің талаптарына сәйкес шет тілінде жасалған құжаттар Қазақстан Республикасының соттарына ұсынылған кезде олардың тиісті түрде куәландырылған, сот ісін жүргізу тіліне аударылған аудармасымен бірге берілуге тиіс.

32. Әкімшілік сот ісін жүргізу талап қоюшы таңдаған сотқа жүгіну тәсіліне байланысты қағаз немесе электрондық форматта жүргізіледі.

Сот тараптардың пікірін және техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, сот процесін жүргізудің кез келген сатысында сот ісін жүргізу форматын өзгерте алады, ол туралы уәжді ұйғарым шығарады.

Сот ісін электрондық форматта жүргізу кезінде электрондық әкімшілік іс қалыптастырылады. Сот актісінің төлнұсқасы "Төрелік" ААТЖ-да орналастырылған электрондық сот актісі болып табылады.

Соттар ӘРПК-нің 110-бабында белгіленген сот талқылауының жалпы бастауы ретінде, оның ішінде сот ісін жүргізудің электрондық форматы кезінде сот талқылауының тікелей және ауызша жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

33. Алдын ала тыңдау әкімшілік сот ісін жүргізудің маңызды кезеңі болып табылады және оны сот талап қоюдың жарамдылығы мен негізділігін анықтау,

сондай-ақ ӘРПК-нің 138 және 143-баптарында белгіленген өзге де талаптарды сақтау мақсатында тағайындайды.

Алдын ала тыңдау сотқа талап қою берілген күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылатын уәкілетті органның мемлекеттік сатып алуды өткізуді тексеру қорытындылары бойынша шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына, тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алу қорытындыларына шағымдарды қарау шеңберінде қабылданған шешіміне, сондай-ақ сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы әкімшілік істерді қоспағанда, алдын ала тыңдау ақылға қонымды мерзімде өткізіледі.

ӘРПК-нің 102-бабының үшінші бөлігінде көзделген дауларға қатысты әкімшілік істер бойынша алдын ала тыңдау сотқа талап қою берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей өткізілуге тиіс.

Шешімі ӘРПК-нің 25, 26-тарауларында көзделген даулар бойынша алдын ала тыңдау сот белгілеген мерзімдерде өткізіледі.

Апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттар (судья) алдын ала тыңдауды АПК-нің 413 және 414-баптарының талаптарын ескере отырып, іс келіп түскен күннен бастап ақылға қонымды мерзімде өткізуі мүмкін. Бұл ретте алдын ала тыңдауды тағайындау туралы ұйғарымды шығару талап етілмейді.

Сот (судья) алдын ала тыңдаудың нәтижелері бойынша істі сот талқылауына дайындау және дауды мүмкіндігінше бір сот отырысында шешу мақсатында алдын ала тыңдауды қайта тағайындауға құқылы.

Алдын ала тыңдау кезеңінде сот прокурордың қатысуын міндетті деп тану үшін өтінішхаттардың не негіздердің бар-жоғын анықтауға міндетті.

34. Егер талап қою ӘРПК-нің 136-бабында белгіленген процестік мерзім өткізіліп берілген жағдайда сот осы мерзімді өткізіп алудың себептерін анықтауға, талап қоюшыға оны қалпына келтіру туралы өтінішхат беру құқығын түсіндіруге міндетті. Талап қоюшының тиісті өтінішхат беруден бас тартуы сот отырысының хаттамасында тіркеледі және бұл туралы мерзімді өткізіп алуға байланысты талап қоюды қайтару туралы сот ұйғарымында көрсетіледі.

Өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру туралы мәселені шеше отырып, сот:

талап қоюшыға ол дау айтқан әкімшілік актінің табыс етілген немесе шағым жасаған әкімшілік әрекеттің (әрекетсіздіктің) жасалғаны туралы белгілі болған;

талап қоюшының назарына әкімшілік актінің ӘРПК-нің және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеткізілген;

әкімшілік актіні шығару, әкімшілік әрекетті жасау үшін заңнамада белгіленген мерзімнің аяқталған нақты күні мен уақытын анықтауға міндетті.

Сотқа талап қоюды берудің өткізіп алынған мерзімін қалпына келтіруден сот бас тартқан жағдайда, талап қою ӘРПК-нің 138-бабы бірінші бөлігі 15) тармақшасының негізінде сот ұйғарымымен қайтарылады.

Бірінші сатыдағы соттың мерзімді қалпына келтіру туралы қабылдаған процестік шешімі жоғары тұрған сот сатыларының қайта қарау нысанасы бола алмайды және сот актісі көрсетілген бөлікте түзетуге жатпайды.

35. Сот істі дайындау барысында және алдын ала тыңдауда талап қоюшы мен жауапкерге әкімшілік істі жазбаша іс жүргізу тәртібімен қарау мүмкіндігін, оған көшу үшін олардың келісімі талап етілетінін түсіндіреді.

Соттар жазбаша іс жүргізуге көшуді істі сот талқылауына дайындау аяқталғанға және сот отырысы тағайындалғанға дейін жүзеге асыруы керек екенін ескеруге тиіс.

Сот процесіне өзге де қатысушылардың жазбаша іс жүргізуге көшуге келісімі процестік заңнамада көзделмегеніне соттардың назары аударылсын.

Сот процесіне өзге де қатысушылардың процестік құқықтарына нұқсан келтірмеу мақсатында соттар олардың талап қоюға жазбаша пікір беру не жауапкердің жазбаша пікіріне қарсылық білдіру, сондай-ақ сотқа іске қатысы бар ақпаратты, мәліметтер мен дәлелдемелерді жіберу, яғни процестік құқықтарды толық көлемде іске асыру және оларға жүктелген процестік міндеттерді орындау құқығын түсіндіруге тиіс.

36. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың құрамы туралы мәселені шешеді. ӘРПК-нің 26-бабына сәйкес талап қоюшы, жауапкер, мүдделі тұлға және прокурор әкімшілік процеске қатысушылар болып табылады. Бұл тізбені ӘРПК-нің 21-бабында көзделген әкімшілік рәсімге қатысушылардың тізбесінен ажырату қажет. Сот тараптардың мүдделі тұлғаларды іске тарту туралы құқықтық ұстанымдарымен байланысты емес және әкімшілік актіде олардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері қозғалмағанын анықтаса, оларды қатыстырудан бас тартуға құқылы.

37. Әкімшілік сот ісін жүргізуде өкілдік ету АПК-нің 57, 58-баптарының қағидалары бойынша жүзеге асырылады. АПК-нің 58-бабында қамтылған тапсырма бойынша өкілдердің тізбесі түпкілікті болып табылады.

Сот өкілдердің өкілеттіктерін, олардың тиісті ресімделуін және процестік заңнаманың талаптарына сәйкес келуін тексеруге міндетті.

Өкілдің сенімхатында өкілеттіктер мен тапсырмалар, сондай-ақ ол АПК-нің 60-бабының бірінші бөлігінде көзделген барлық сатыдағы соттарда сенім білдірушінің атынан жасауға құқылы процестік әрекеттер санамалануы тиіс.

38. Сот талқылауы, сот отырысын өткізу тәртібін, төрағалық етуші судьяның өкілеттіктерін, хаттама, оның ішінде қысқаша хаттама жасау, сот отырысын тіркеу, соттың өтінішхаттарды шешу тәртібін қоса алғанда, егер бұл ӘРПК-де арнайы реттелмесе, АПК-нің қағидалары бойынша жүзеге асырылады.

39. Әкімшілік сот ісін жүргізу заңдылық, әділеттілік, талап қоюшының құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, мөлшерлестік, әкімшілік қалауды жүзеге

асыру шектері, құқықтардың басымдығы, сенім құқығын қорғау, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу және анықтық презумпциясы қағидаттарының негізінде жүзеге асырылады, сот оларды ескере отырып, іс бойынша жиналған дәлелдемелерді бағалайды.

Жауапкер әкімшілік актіде аталған негіздемелерге ғана сілтеме жасай алады (ӘРПК-нің 129-бабының үшінші бөлігі).

Осыған байланысты соттардың:

әкімшілік актінің, әрекеттің (әрекетсіздіктің) олқылықтарының орнын толтырмағаны;

жауапкердің дау айтылған әкімшілік актіде көрсетілмеген дәлелдеріне құқықтық баға бермегені;

дау айтылған әкімшілік актінің, әрекеттің (әрекетсіздіктің) орындылығын талқылауға кіріспегені жөн.

Бұл ретте соттар әкімшілік актінің негіздемесі ӘРПК-нің 80-бабының екінші бөлігіне сәйкес талап етілмейтін жағдайларға назар аударуға тиіс.

40. Әкімшілік процеске қатысушылар сот талап еткен құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға міндетті. Сот процесіне қатысушылар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болған кезде сот оларды өз бастамасымен жинайды. Мұндай жағдайда соттың белсенді рөлі істің нақты мән-жайларын және фактілер туралы мәліметтерді анықтау бойынша ақылға қонымды және ықтимал әрекеттерді қабылдауға негізделеді. Бұл ретте ол дәлелдеу ауыртпалығын көтеретін тарапты өзінің әрекетсіздігінен болған әкімшілік істі қараудың және шешудің теріс салдарларынан босатпайды.

41. Сот әкімшілік актінің және әкімшілік әрекеттің (әрекетсіздіктің) заңдылығын тексеру кезінде жүргізілген әкімшілік рәсімнің заңдылығы мен толықтығын да бағалайды.

ӘРПК-нің 84-бабының бірінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасын бұзу, егер мұндай бұзу дұрыс емес әкімшілік акт қабылдауға алып келсе не алып келуі мүмкін болса, әкімшілік актіні заңсыз деп тану үшін негіз болып табылады.

Мәні бойынша дұрыс әкімшілік акт бір ғана формальды негіздермен заңсыз деп таныла алмайды. Алайда сот нақты қандай бұзушылық дұрыс емес әкімшілік актіні шығаруға алып келгенін немесе алып келуі мүмкін болғанын анықтауға тиіс.

Бұл ретте әкімшілік рәсімнің әрбір бұзушылығы әкімшілік органның, лауазымды адамның шешімінің заңсыздығына және сөзсіз күшін жоюға алып келе бермейтініне соттардың назары аударылсын.

Формальды бұзушылықтарға рәсімнің мәнін қозғамайтын, әкімшілік актінің заңдылығына әсер ете алмайтын және әкімшілік рәсімге қатысушылардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмейтін болмашы бұзушылықтар жатқызылуы тиіс.

42. Соттарға шағым жасалатын әкімшілік актінің мазмұны мен нысанын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеру қажет.

Әкімшілік актінің не оның құқықтық негіздемесінің Конституция ережелеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келмеуі, әкімшілік актіні қабылдау үшін құқықтық негіздеменің болмауы немесе заңсыздығы, ӘРПК-де бекітілген әкімшілік рәсімді жүзеге асыру қағидаттарының сақталмауы ӘРПК талаптарын елеулі түрде бұзу болып табылады.

Әкімшілік актінің мәніне қатысты бұзушылық деп материалдық құқықтың дұрыс қолданылмауын, қабылданатын әкімшілік актінің негізіне алынған нақты мән-жайлардың толық зерттелмеуін түсінген жөн.

43. Соттар жауапкердің әкімшілік актіні қабылдау жөніндегі өкілеттігін және оның әкімшілік қалау шектерін сақтауын тексергені жөн. Сот әкімшілік актінің өкілеттік беру мақсатына сәйкес келетін-келмейтінін; қалау негізінде қабылданған акт жарамды, қажетті және пропорциялы болатын-болмайтынын анықтауға тиіс. Көрсетілген талаптарды бұзу актіні заңсыз деп тану үшін дербес негіз болып табылады.

44. Әкімшілік іс ақылға қонымды, бірақ талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімдерде қаралады және шешіледі.

Аса күрделі әкімшілік істер бойынша бұл мерзім соттың уәжді ұйғарымымен ақылға қонымды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Мұндай ұйғарымға шағым жасалмайды, ол прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға жатпайды.

ӘРПК-нің 8-бабының екінші бөлігіне орай, егер заңда немесе дау тараптарының келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешетіні көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға қонымдылық өлшемшарттарын негізге алып шешуге міндетті.

Әкімшілік сот ісін жүргізуде:

1) істі сот талқылауына дайындау және оны мәні бойынша қарау үшін жеткілікті мерзім;

2) дауды шешу сапасына нұқсан келтірмей, талап қоюшының бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтірудің жеделдігі "ақылға қонымды мерзім" деп түсініледі.

Әкімшілік істерді қарау мерзімдері жазбаша іс жүргізу үшін де қолданылады.

Заңда белгілі бір санаттардағы істердің қысқартылған мерзімде қаралуы көзделгенін соттардың назарда ұстағаны жөн.

Сот процесін жалғастыруға, қатысушылардың сот отырысына келуіне кедергі келтіретін не оған мүмкіндік бермейтін күтпеген және төтенше жағдайлар туындаған, оның ішінде, егер сот процеске қатысушылардың қайсыбірінің келмеуі салдарынан осы сот отырысында істі қарау мүмкін емес деп таныған, АПК-нің 188-бабының төртінші

бөлігінде көзделген тәртіп қолданылатын сот залында қатысушылар жаппай тәртіп бұзған, қосымша дәлелдемелерді ұсыну немесе талап ету қажет болған жағдайларда ғана істі қарауды кейінге қалдыруға жол беріледі.

Сот талқылауын кейінге қалдыру саны, әдетте, екі реттен аспауға тиіс.

45. Ақшалай өндіріп алу түріндегі процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздері ӘРПК-нің 127-бабында регламенттелген.

Сот отырысы барысында жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не олардың өкілдеріне ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін. Адамға ақшалай өндіріп алуды қолданудың міндетті шарты оның ӘРПК-нің 127-бабының үшінші, төртінші, бесінші және тоғызыншы бөліктерінде көзделген әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауы болып табылады.

ӘРПК-нің 127-бабының екінші бөлігіне сәйкес ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы мәселені қарау өзіне қатысты осындай мәжбүрлеу шарасы қолданылатын адамға алдын ала хабарлана отырып, сот отырысында жүргізіледі.

Соттар ақшалай өндіріп алу қолданылатын адамға тиісті түрде хабарлауды қамтамасыз етуге тиіс. Ол келмеген кезде ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы мәселе оның қатысуынсыз қаралады.

Ақшалай өндіріп алу қолданылған адам оны төлеуден босату немесе оның мөлшерін азайту туралы өтінішхатпен сотқа жүгінген жағдайда, соттар мұндай өтінішхатты негізсіз қанағаттандыруға жол бермеуге тиіс.

Ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы сот ұйғарымын орындауды кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу туралы мәселені қарау кезінде соттар әкімшілік сот ісін жүргізудің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу мақсатында мұндай ұйғарымды тиісті түрде уәждеуі қажет.

46. Шешімді дереу орындау туралы мәселені қарау рәсімі АПК-нің 244-бабының нормаларымен регламенттеледі.

Шешімді дереу орындау туралы мәселе, егер ол шешім шығару кезінде шешілмесе, жеке сот отырысында қаралады.

Сот актісін дереу орындауға жіберу туралы мәселені шешу кезінде соттардың әкімшілік процеске басқа қатысушылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ жария мүдделерін ескергені жөн. Бұл ретте әкімшілік процеске қатысушының құқықтарына елеулі зиян келтірілгені туралы өтінішхаттың дәлелдерін дәлелдемелерді талап етіп алдыру және зерттеу арқылы бағалау керек.

Жоғары тұрған сот сатысы талап қоюды қанағаттандыру туралы сот актісінің күшін жойған немесе оны өзгерткен жағдайда соттар тиісті өтінішхат болған кезде дереу орындауға жіберілген сот шешімін бұрып жіберу туралы мәселені шешуге тиіс.

47. Соттың жеке ұйғарымында, әдетте, сотқа оны орындау бойынша қабылданған шаралар туралы сот белгілеген мерзімде хабарлау қажеттігі туралы талап қамтылады.

Жеке ұйғарыммен келіспеушілікті негіздеуге келтірілген дәлелдерге қарамастан, сот актісі жолданған адамның осы сот актісімен келіспеуін жеке ұйғарымның орындалуы деп тануға болмайтыны соттарға түсіндіріледі.

48. Әкімшілік сот ісін жүргізудегі сот шығыстарын бөлу туралы мәселе ӘРПК-де реттелмеген бөлігінде АПК-нің нормаларына және "Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығыстары туралы заңнаманы қолдануы туралы" 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 9 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына сәйкес шешіледі.

Соттар мемлекеттік мекемеден өндіріп алынған мемлекеттік баж атқару парағының негізінде емес, салық органына арызбен жүгіну арқылы қайтарылатынын ескеруге тиіс.

Сот орындаушыларының әрекеттеріне шағымдар бойынша талап қою қанағаттандырылған жағдайда, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж мемлекет кірісіне сот орындаушысынан өндіріп алынады.

49. Конституцияның 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы*

А. Мерғалиев

*Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
Судьясы, жалпы отырыс хатшысы*

Г. Әлмағамбетова